

Қойылған шектеуді алу туралы

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 15 мамырдағы № 6 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35, 37 – баптарына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 "Ветеринария туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 15 мамырдағы № 3-6/148 ұсынысы негізінде, Қараой ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қараой ауылдық округінің Құбасай елді мекенінде ауыл шаруашылығы жануарлары арасында жұқпалы сарып ауруына сауықтыру жұмыстарының толық жүргізіліп аяқталуына байланысты қойылған шектеу 2015 жылдың 15 мамырынан бастап алынсын.

2. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 шілдеде № 3975 болып тіркелген, Ақтөбе облысы Ойыл ауданының Қараой ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 21 шілдедегі № 9 шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

Қараой ауылдық округінің әкімі:

С. Жуманғалиев